



8 халықаралық әйелдер күні күтті болсын!



№20 (10010)  
7 наурыз,  
бейсенбі  
2024 жыл

# Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»  
ақпараттық ағенімізі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Төлім

## Қазақ әйелінің бекзат болмысы

### Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары,  
кадірлі әйел-аналар!

Сіздерді Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Дүниедегі тіршілік атаулы жаңарып, қызғалдақ пен бәйшешек бүр жарып, көктемнің келуі – бүкіл адамзат баласы үшін үлкен мереке. Біздің ардақты аналарымыздың, ару қыздарымыздың мерекесінен бастау алатын жылдың осы бір керемет мезгілі – бүкіл тіршіліктің бастауы.

Отбасының, әулеттің алтын дінгегі, ұйтқысы, ұйымдастырушысы, жылуы да, жарығы да – әйел-ана. Еліміздегі барлық отбасы бөрік, берекелі болғанда ғана мемлекетіміз мықты болмақ.

Қазіргі таңда өздерінің жауапкершілік жүгін көтеріп, ер азаматтармен бірге жауапты қызметте жүрген әйелдер мен қыздарымыздың еңбегі ерекше құрметке лайық. Ел экономикасы мен мәдениетінің, еліміздің рухани әлеуетінің артуы жолында еткен қажырлы еңбегі үшін ақжайлықты аналарымызға, апаларымыз бен қарындастарымызға шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Сіздерді көктеммен қатар келген 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Еліміз аман болсын, әлемде баянды бейбітшілік орнасын. Жүздеріңізді кірбің шалмасын, әрдайым денсаулықтарыңыз мықты, жүздеріңіз жарқын болсын!

Ардақ ИБРАИМОВ,  
Жалағаш ауданының әкімі

Тіршілік жаратылып, адамзат баласы пайда болғалы әйел әлемі зерттеліп келе жатыр және зерттеле бермек. Өйткені Жаратушы әйелдің «жан әлемін белгісіз элементтерден құрап» жасапты. Ол сондықтан да жұмбақ. Ал сырты ашылмаған жұмбақ жаратылыс қашанда сұлу нәм қадірлі болмақ. Ерлер қауымы әлі күнге сол тылсым жаратылыстың жұмбақ сырын ашуға ынтызар. Сол үшін де әйел затына көрсетілер құрмет пен сыйдың шетшегі жоқ. Әсіресе қазақ халқының ұғымында «әйел ана» деген сөздерден қадірлі ештеңе жоқ. Әлі күнге дейін қазақ қыз баланы әлпештеп, әйелді құрметтеп, ананы ардақтап келеті.

Табиғат қаншалықты таза, мөлдір, сұлу болса, қазақ әйелінің жаны мен болмысы да соншалықты таза, сұлу. Егер адамзат баласының тылсым табиғаттың құшағынан жаратылғаны рас болса, соның бастауында қазақ әйелі тұрғандай болады маған. Жанының айнасы жарқырап тұратын біздің аналарымыз, әпке-қарындастарымыз сол тұмса табиғаттың бір бөлшегіне айналып кеткендей. Біздің көңілімізде олар ақыл мен парасаттың, сұлулықтың, әдеміліктің, адалдықтың, пәктіктің, мейірімнің, ар мен намыстың жалауындай болып желбіреп тұр және ол жалау жер бетінде қазақ барда құламауы тиіс.



Көшпенді ғұмыр көшкен халқымыздың жаһанға жұтылып, жер бетінен жойылып кетпей бүгінге жетуі тек жерін жаудан, елін даудан қорғаған батыр бабаларымыздың арқасы ғана емес, оған түйенің қомында, жылқының жалында жүріп толғағып, ұлттың тегін сақтап, кешеден бүгінге жалғай келген аналарымыздың да қосқан зор үлесі бар. Әмірдің мәнін тек бала сүйіп, артына ұрпақ қалдыру деп ұққан, онан бес баланы дүниеге әкеліп және

оларды бағып-қағып бейнәт көрген қазақ әйеліндей жанкешті бар ма?! Әр баланың толғағында бір мәрте өліп-тіріліп, олардың амандығы мен тәрбиесіне өскенше, немере-шеберлеріне өлгенше қамқор болған қазақ әйелінің құршатын шымдымына, темірдей тәзіміне қайран қалмасқа амалың қайсы?! Қазақ әйелі тек бала тауып, ошақ басында отырған жоқ, Елбасына күн туып, жер шетіне жау тигенде ер аза-

маттармен бірге соғысқан қыз-келіншектердің болғаны және олардың сол апасыран айкастардағы жанқиярлық ерлігі тарихта таңбалаһып тұр. Оның бергі жағында екінші дүниежүзілік соғыста майдан дала-сына өздері суранып аттанып, қыр-шын кеткен қызғалдақтай қазақ қыздарының ерлігінің өзі неге тұрады?! Айтпақшы, сол қанды қырғынға қатысқан мемлекеттердің ішінде қыздардан құралған әскери жасақтардың басым бөлігі өзіміздің қарақөздер болған деген дерек бар. Бұл да қазақ қыздарының отбасына, Отанына адалдығының, дұшпанның алдында басын имеген ежеттілігінің айғағы.

Ауылда апамыз болды. Сексеннің үстіне шыққанда жөнөп кетті «ана ауылға». Сол апамыз күйеуімен он жыл отасып, бала көтермеген соң жездемізге өзі жас тоқал алып береді ғой. Мақсат Алпанның атымен қанша адамды куәлікке тартып, қылған ақ некені бұзбай, ар-ұяттан атмай, шаңырақты шайқалтпай сақтап қалу болыпты. Бәлкім бұны кейбіреу на-дандыққа балап, ескілікке телітін шығар. Әйтпесе қазақтың бойындағы бүгінгі ұрпағы қадірін білмеген көп қасиеті сол ескінің адамдарымен бірге келмесе кеткені солардың есіне кіріп те шықпайды.

Әлқисса, сонымен үй ішінен үй ті-гіледі. Бәйбіше де, тоқал да бір шаңырақтың астында бірге тұрып, тату-тәтті өмір сүреді. Сол апамыз тоқалдан туған тұңғыш балаларын бауырына басқан. Көріші ауылдан біздің үйге айына екі-үш мәрте теркіндеп келіп-кететін және бес-алты жасар немересін жанынан тастамайтын. «Жарығым! Құдайдың бізге бергені ғой, бұл Пәләншекеннің (шалпын айтады) шаңырағының түтіні ғой. Құлыным сол!» деп немересін айна-лып-толғанып отыратын. Немересі де әжесінен бір елі қалмайды. Қатпайдай қара кемпірдің қамзолының шап-пайынан тас қылып ұстап алып, ізнен еріп жүретін сол бала қазір үлкен аза-мат болып, апамыз айтқандай, ата-сының шаңырағына ие болып, түтінін түтетіп отыр.

ЖАЛҒАСЫ 2-BETTE.

Біле жүріңіз



## Әшекейдің де сыры бар

Қазақ халқының зергерлік бұйымдары әлем халықтарының назарын аудартап қоймайды. Әрқайсысына үңілсек, бұйымдардың өзіндік сыры бар. Қазақ халқының ерте заманнан бастау алған зергерлік өнері халық өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланысты. Адам баласы ежелден әшекей бұйымдарды киімнің ажырама бөлігі ретінде санаған. Әшекейлер арқылы халқымыз әйел адамның қоғамдағы алатын орнына, абырой-беделінен хабардар болған. Қазақты әшекейлерінің бәрі таза күмістен әзірленген. Тіпті байырғы қазақтар қолында күміс сақинасы жоқ әйелдер дайындаған астан дам таптаған екен. Себебі күміс жүзік тағам құрамындағы адам ағзасына қауіпті заттарды жойып отырады деп ұққан.

Жас жұбайлар неке жүзігін де арнайы тапсырыспен жасатқан. Бұл жүзіктің төбесі жастардың бөлек отау құрып, шаңырақ көтергендерін білдіретін шаңырақ тәрізінде болған. Онан бөлек жүзіктердің ішіндегі көпке тағыла бермейтін «құдағи жүзік» деп аталады. Яғни тұрмысқа шыққан қыздарының жағдайы жақсы, барған жерінде бақытты болып, ата-анасына қайыңжұрты жайында мақтаулы сөз, жақсы мінездеме берсе ғана қыздың төркіні құдағиының қолына осы жүзікті салатын болған. Жүзіктің үлкендігі сондай адамның төрт саусағын жауып тұрады екен. Бұл да екі жақтың, екі елдің арасындағы сыйластықтың белгісі іс-петтес. Сонымен қатар қазақты ырым бойынша қызыл көзді жүзіктер сырттан келген қауіпті өз бойына сіңіріп, тіл-көзден, бөле-жаладан сақтаған.

Қазақ халқы неге жүзіктерден бөлек, тұрмыстағы кей бұйымдардың да күміс болуына аса мән берген екенін білесіз бе? Күміс неге қараяды? Мәселен, денедегі күмістің қараюы ел арасында көз тигеннің, дене мүшелерінің ауыратындығының белгісі саналады, бірақ бұның басқа да себептері бар. Зергерлік бұйымдардың құрамында әдетте күмістен басқа тағы қоспалар болады. Дәл солар бірнеше себепке байланысты күмісті тотықтандырады. Күміс әшекейлердің қараюының басты себептерінің бірі ауада күкіртті сутектің болуы білдіреді. Сондай-ақ адам терлегенде, зергерлік бұйымдар суланып, көптеген заттардың өсеріне бөленеді, нәтижесінде күрделі биохимиялық реакция жүріп, металл тотыға бастайды. Денсаулыққа мұның еш зияны жоқ, тек бұйымның әдепкі келбеті өзгереді.

Одан бөлек күміс әшекей антибиотиктер, нәсіп айдағыш препараттар, дәрумендік комплекстер, сыра ашытқысы секілді емдік препараттар мен биологиялық белсенді қоспаларды тұтынудан да қараюы мүмкін. Егер сіз бұйымдары мұндай құбылысты ешқашан байқамай, ал соңғы кездері еш-

қандай дәрілік препараттарды пайдаланбаған және тұтынатын тағам құрамын өзгертепеген, сонымен қатар бұрынғы косметикалық құрылғыларыңызды пайдаланып жүрсеңіз, онда денсаулығыңызға мән бергеніңіз жөн. Себебі кейде зергерлік бұйымдар бүйрек, бауыр, жүрек-тамыр жүйесі сыр бергенде қараяды.

Бұдан басқа адамға көз тигенде күміс жағымсыз энергетиканы сорып алады деген сенім бар. Бірақ бұл тек болжам күйінде қалып отыр. Егер зергерлік әшекейіңіз қарайып кетсе, жаман ойдан аулақ болыңыз. Жаңа күміс бұйымдар қарайып, ал ескілері жылтырап тұрса, зергер шеберінен әшекей бұйымның құрамын нақтылау қажет. Себебі кейбір өндірушілер күміс қорытпаға металлдың қараюын өршітетін қоспалар қосады екен.

Бойжеткендердің бойтұмарына қатысты да біз біле бермейтін тұстарымыз бар екен. Бойтұмардың ішіне Құраннан сүрелер, дұға, аят немесе кәстерлі кітаптардан сөздер жазылған. Ал әшекейлердің ішіндегі қыз баланы ибалылыққа тәрбиелейтін шолпы, ішбалық қызметі өз алдына. Шаш-баудың негізгі қызметі қыз-келіншектердің бұрымын жинап тұру болса, екінші жағынан қыз баланың бойын тік ұстауына және жүрісін дұрыстауына көмек тиген. Яғни шашбаудың сыңырынан-ақ кімнің келе жатқаны белгілі болған.

Білезіктің де топсалы, ернекті және күйма білезіктер секілді түрлері болған. Бұл – әйелдердің күнделікті тағып жүретін қымбат бағалы металдан немесе күмістен жасалатын әшекей түрі болып табылады. Сонымен бірге білезік буын ауруларының алдын алады, қолдың тазалығын күшейтеді, жын-перілерді қуады деген ұғым халық арасында кеңінен тараған. Ең маңыздысы, білезік адам бойындағы күш-қуатты сақтайды. Қазаққа бәле-жала әйелдің құлағы, шашы арқылы кірсе, күш-қуаты біртіндеп алақан арқылы сыртқа шығады деген сенім қа-

лыптасқан. Сондықтан әжелер соңғы күш-қуатынан айырылудан қорқып, білезігін қолынан тастамайтын болған.

Сыра – қыз-келіншектердің тағатын өсемдік бұйымдарының бірі, сыртқы келбетінің ажырама бөлігі. Қазақ зергерлері жасайтын ай сыра, қоңырау сыра, ай сыра, аққай сыра, иінді сыра, гауһар сыра, айшықты, тұмарлы, салпыншақ, жапырақты сырғалар, шұбыртпа сыра, адай сыра, айбалта сыра болып кете береді. Сыр өңірінде кездесетін сыра түрлері таға тәрізінде, ілмек түрінде жасалып, кезіне бағалы тастар орнатылады. Мұндай ай тәрізінде сырғаны алтыннан, кейде күмістен жасаған. Сонымен қатар оны аққайлықты аналар, яғни нәмерелі болған әжелер таққан. Аудандық тарихи-өлкетану музейі маманының мәліметінше, осындай ай сырғанын түрі музей қорында сақтаулы. Ол доға тәрізді иілген ілмектен және ай пішінді негізгі бөліктен тұрады.

Сырғаның ортаңғы тұсына бес жұлдыз қиылған. Сырғаның үсті мен асты дөңес бедерлі ромб және домалақ пішінді гүл өрнектерімен безендірілген. Ал жоғары тұсына доға тәрізді иілген темір ілмегі бар топса дөңкерленген. Сырғаның құрыптық та мән-мағынасы бар, ол құлаққа дүлей күштерден сақтау мақсатында тағылатын болған. Сырғаның тұтас тұрпаты да, жекелеген бөлшектері, материалы мен ою-өрнегі де белгілі бір мағынаны білдіреді. Көз қондырылған бұйымның көз тиюден алдын ала сақтайтын қасиеті бар деп саналған. Қазақтар үзбелі салпыншақтар сылдырымен жын-шайтанды үркітіп отырады деп түсінген.

ЖАЛҒАСЫ 3-BETTE.

Бәрекедді!

# Салт-дәстүр жаңғырған күн

Салт-дәстүрді дәріптеп, ұмыт болып бара жатқан құндылықтардың бірі кимешекті ел ішіне таныту мақсатында Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет үйі мен әйелдер кеңесінің ұйымдастыруымен «Киелі кимешек» атты аудандық ісмер әйелдер байқауы өтті. Дәстүр салтымызды тереңінен меңгерген өңірміздегі шығармашыл шеберлерді анықтап, ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттау үшін өткен жарысқа шебер аналар қатысты.

Байқауда аудан әкімінің орынбасары Гани Сүлейменов ақжуалықты аналарды мерекесімен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі. Жарысқа ҚР мәдениет қайраткері Роза Боранбаева мен М.Шәменов ауылдық әйелдер кеңесінің төрайымы Разила Бижанова, кітапхана ардагері Лена Ноғайбаева қазылық етті.

Қазіргі таңда қасиетті кимешек қазақ қоғамынан алшақтап бара жатқаны рас. Сайыстың бірінші кезеңінде ақжуалықты аналар үйден тігіп ежелден кимешектерін көпшілікке таныстырып, оның тарихына тоқталды.

Кимешек – қазақ әйелдерінің әдемілігін арттырып, ажарын ашатын киелі бас киім. Мәселен, қыздар басына тақия, берік, сораба, қасаба кісе, жаңа түскен жас келіншек кимешек кимегең, келіннің басына ақ орман ораған. Құрсақ көтеріп, нәресте дүниеге келген соң, бала қырқынан шыққанда ақжуалықты әжелер, абысын-ажындары жиналып, дастарқан жайып, жас анаға «енді сен осы шаңырақтың толық мүшесің, ана болдың, ел анасы бол ұлағатты ұрпақ тәрбиеле» деген ақ тілекпен маңдайынан сүйіп, батасын беріп, кестелеп тігілген кимешек кигізген. Тұрмысқа жақында ғана шығып, бір бала туған жас келіншектер кимешек үстінде тақия киген. Сондай-ақ кезінде кимешекке қарап үлкендер әйелдің қай рудан, қай әулеттен екенін білген. Кимешектегі кестеге қарап әйелдің жасын да болжаған. Жас келіншек кимешегінің бояуы ашық қызыл, жасыл түсті, көркем айшықты, жылтыры көп, оюланып



өрнектелген. Ал егде әйелдер кимешегінің кестесі аз, айтарлықтай әшекейленбеген, сары, ақ жіппен сырлылп тігілген. Жасы ұлғайған әйелдердің киіміне ир кесте, күміс теңге мен моншақ тігілген және қызыл-жасыл түсті кимешек кимегең. Бұл жасы келген ел анасы деген мағынаны білдірген. Кимешектің үстінде орайтын ақ мата жас әйелдер жолай босана қалса, жөргекке қолданылған. Егде әйелдердің күнікелінің қарқарадай мол орауының да өзіндік себебі бар. Оны жол-жөнекей қаза болса, кебіні ретінде пайдалануға және жаугершілікте жарақатты байлауға да қолданған.

Қыста суықтаң жазда ыстықтаң қорғайтын, дудыраған шашыңды, селдіреген ақбурыл самайыңды тап-тұйнақтай етіп жинайтын, жүзіңе шырай беретін аналарымыздың беделі болған кимешек туралы қатысушылар біраз күн-

ды ақпаратпен бөлісті. Ал байқаудың екінші кезеңінде үміткерлер ұлттық салт-дәстүрге байланысты қойылған қойды. Мәселен, «Қазан жарыс», «Төркіндеу» салты, «Бесікке салу» дәстүрі, «Қырқынан шығару», «Құрсақ шашу» салтын сахналады.

Екінші кезеңінде Аққум ауылының өнерпаздары «Қазан жарыс» салтын сахналады. Аналар қауымы жалпыға ортақ перзентханаларда босанғалы бері салтан шығып қалған қолданыста жоқ ырымдардың бірі – «Қазан жарыс». Келін босанарда бірнеше әйел қазан көтеріп, от жағып тамақ әзірлеуге кірседі. Оған ұзақ пісетін ас таңдалмайды, керісінше тез даяр болатынын жасайды. Ондағы мақсат «қазан қайнап, ас піскенше бала дүниеге келсін, келін аман-есен апы-күпі тез босансын» деп қазан мен толғақты «жарыстырып» тілек тілейді. Сөйтіп кел-

іншек қол-аяғын бауырына алып жеңілдегенде ас та әзір болып, қуаныш дастарқаны жайылып, шілде тойдың алды басталып та кетеді екен. Осы сынды мән-мағынасы зор танымдық, тәрбиелік мағынасы зор шаралардан жастарымыздың түйері мол Екі кезеңнен тұрған сайыс қорытындысы бойынша Ақсу ауылынан келген ісмер анамыз Құлдаш Токпанбетова бас жүлде, Мәдениет ауылынан келген Салтанат Бұрханова, Жаңаталап ауылынан келген Дана Дүбірбаева II орын, Аққум ауылының ақжуалықты анасы Ақбайан Ұрматова мен Жаңадария ауылынан келген Асылзада Сейтова III орынға ие болды. Осылайша ісмер әйелдердің басын қосқан сайыста салт-дәстүр жаңғырды.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

# Қазақ әйелінің бекзат болмысы



Теңімен қосылған сол кісілердің арасында махаббат сөзімі болмады деп кім айта алады? Болғанда қандай! «Махаббаттың отына өртеніп жүрген» бүгінгілерден сол кездегі қыз бен жігіттің, ерлі-зайыптылардың арасындағы махаббат отының жалыны мың есе қуатты еді және мәңгілік лаулап тұратын. Ол кезде бір-біріне сөрт беріп, ант байласып қосылғандардың қандай жағдай болса да бақиға дейін жұбы жазылмапты. Әлгі апамыздың күйеуіне тоқал алып беруі одан көңілі қалғаннан емес, керісінше сүйіп қосылған жарына өзі сыйлай алмаған нәресте иісің, бала бақтың басқа әйелден көруіне мүмкіндік жасады. Бұл – ерлік. Тіпті күйеуі үшін де емес, қарапайым қазақ әйелінің сезімін шіркеуіне таныстырып, өз ұлтының келешегі үшін жасаған көзсіз ерлігі.

Бұл да біздің асыл аналарымыздың бекзат болмысын ашатын тағы бір тірі мысал. Бұл жеңгеміз болды. Жолы жағынан жеңге болғаныммен, жасы шешемнен үлкен болатын. Көнеңің көзін көріп, сөзін тыңдағандардың бірі ғой, ата жолына адал еді. Бірде сол отбасының қалада оқитын студент қызы күйеуге тиіп кетеді. Дұрысы – бірінші курс оқитын ауылдың ашық ауыз қызын бейтаныс жігіттер алып қашып кетеді және бұл өңір емес, сонан солтүстікке. «Қыз бен қойдың жүрмейтін жері жоқ» деген сөз осындай жағдайды басынан кешкен еке-шешенің айтқаны шығар, сірә.

Сонымен кешірім келеді. Бұлар қуғыншы жерберді және олар аттанарда ашулы ағамыз қуғыншыларға еркімен бармаған қызын қалайда алып келіндер деп қатаң тапсырады. «Егер алып қалуға әрекет етсе, іс насырға шабатынын айтыңдар» деп тағы нығырлайды. Ал анасы байғұс қызының жат жерге, жат жерге болғанда да тым болмаса болашақ күйеуін де танымайтын қиян шетке кеткеніне өкесінен бетер жүрегі өзіліп, уайым қылады. Бірақ жеңгеміз іштей өлгенімен, сыртқа сыр бермейді. Қуғыншы аттанып кеткен соң ағамыздың жанына жайлап жайғасып отырып өңіміе бастайды. Жылап-сықтамай сабырмен ғана: «Қыз жат жұрттық қой. Қайтесіз?! Бірақ танымайтын қиян шетке барғанын айтсаңшы. Өйтпесе мен де сені танып келген жоқпын ғой. Осы әулеттің үлкендерінің қаисысы қалың мал беріп, қолдан алды. Сен сабаңа түсіп, сабырға кел. Алысқа кетті демесең, елден елдің айырмашылығы жоқ. Ол ел қазір келін түсіріп, қуанып жатыр. Бір әулеттің сол қуанышың, қызың Құдай көп көрмесің, ұзағынан қылсын. Біз де соны тілейік. Аналық батамды мен бердім, сен де ойлап. Қуғыншыларды қабылдамағаның да жөн болмады. Олардың кінәсі жоқ. Қазақтың жолымен кешірім сурап келді. «Алдыңа келсе, атаңның күнын кеш» деген. Біз де жөнімен күтіп алып, дапада айтқан өкпе-назымызды дастарқан басында білдірсек те болар еді ғой?! Танымайтын Құдайы қоңақ та үйіне кіріп, дастарқаныңдан дәм татып кетіп жүр емес пе?! Бұлар да Құдай қосып отырған құдан. Жә, қызың пешенесіне жазылғанын көрер. Босаға аттап қойды, кері қайтарма және өнді оның ешқандай мәні де жоқ. Елге келсе, ертең бетіне шіркеу болады. Бүгінгімізді емес, ертеңгімізді ойлайық, отағасы», – дейді жеңгеміз.

Қабағы түйіліп күңкілдеп отырған ағамыз мына сөзден кейін біраз үнсіз қалады. Сөзден соң «Дұрыс айтасың, мен қатты кеттім. Әлгі қуғыншылардан да ұят болды. Кенже қызым болған соң... Алла бағын ашсын ботамның... Мен де бердім батамды» деп сөзін аяқтай алмай кемседеп көзін сүртіп кетіпті...

Ағам мен жеңгеміздің сол алысқа қашып кеткен қызының өзі қазірде өже болды. Ара-тұра ауылға кішкентай немерелерін ертіп келіп-кетіп тұрады екен. Өзінің ауылында қыз таусылып қалғандай, сонан солтүстіктен келіп Қызылордадағы біздің апамызды атына өңгеріп алып қашып кететін деп баяғы жездеміз қазір лауазымды қызмет істейді сол естідік. Бірақ қарапайым, көпшіл, ақылды тамаша адам дейді білетіндер. Кенже қызы мен күйеу баласының өліне сыйлы, үлгілі отбасы болғанын ағамыз да, жеңгеміз де көріп кетті.

Жеңгеміздің қызы қашып кеткендегі ағамызға айтқан басалқы сөзін Бөкереге тәттілеп отырғанымыз жоқ, тақырыбымызға тікелей қатысы болғанын түздік етіп алдық. Ұғынған жанға оның тәрбиелік мәні бар. Жеңгеміз тек қызының болашағын ғана емес, әулетінің өсіп-өнуін де ойлап отырды ғой сол кезде. Ал отбасында жоғары-дағдыл жағдай орын алса, әлгіңдегі есті өңіміңі қазіргі әйелдің бірі айта алар ма еді?..

Бұл жерде де аналарымыздың ақыл-парасаты мен сабыры алға шығып, барға шүкір, жоққа сабыр қылатын қазақ әйелінің, ардақты аналарымыздың бейнесін жеңгеміздің ағамызға айтқан бір ғана жұбату сөзі айқындап тұр. Сол жеңгеміз тоқсаннан асып жығылып келместің кемесіне мінді. Көзі тірісінде бір әулеттің ғана емес, елдің ақылшы анасына айналды. Ауылда жүргенде көшеде көлденең кездесіп қалса, күтіп тұратын. Жақындағанда: «Әй, бала, амансыңдар ма? Өтіп кет! Жолыңды көспейін, ер адамсың ғой», – дейді. Сонда біз мектеп бітіргенімізге де көп бола қоймаған баламыз ғой. Ал ол кісілердің жасы сол кезде жетпістен асып жығылып, сексенге құлаған кезі. Рас, шалдың баласымыз. Әкеміздің жолы үлкен. Сонда да шешемнен қатар адам алдынан кесіп өтпей, аңадайдан өзіңді күтіп тұрғаныңа іштей ыңғайсызданып өлі таңғалушы едік. Есейе келе білдік. Жарықтық, олар бізге емес, ата жолына, қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпына құрмет көрсетеді екен ғой. Міне, қаншама газырдан бері халқымыздың мұрасын көзіңді қарашығандай күзетіп, бабамыздың салып кеткен жолын ұрпақтан-ұрпаққа жалғап келе жатқан қазақ әйелінің бүтін болмысы бұл.

Сөзіміздің басында айтқанымыздай, әйел затының сол болмысын құрап тұрған элементтер әлі күнге белгісіз. Сондықтан әйелдің, соның ішінде қазақ әйелінің жан өлемі жұмбақ. Гүлден нәзік жаратылыс иесі бола тұра, олардың бойынан жұмыр жердің жүрегің жылтылатын мейіріммен қоса тау қопарар бұла күш те, қайсарлық та, ежеттік те, төзім де табылады. Өйткені олар – көктегі Құдіреттің жердегі көшірмесі.

Қуат АДИС

БАСЫ 1-BETTE

# Маман мерейі

Бұл орталықтың құрылғанына көп уақыт болмаса да бұрын да «Жұмыспен қамту орталығы» деген аты барды. Кейін оған «Мансап» деген жаңа ат берілді. Мұндағы мамандар әлеуметтік әлеуетін көтеруге саналы ғұмырын сарп етуде. Ғалымжан Төлбаев басшылық ететін ұжымда ерлермен етене жүріп, әлеуметтік саланы көтеруге нәзікжандылар да қажырлы еңбек етуде. Орталықтың тыныс-тіршілігімен танысуға барғанымызда қарбалас жұмыстың куәсі болдық.

Иә, есіктен енген қарашаның мұнда қай мақсатта келіп жатқаны айтпаса да түсінікті. Бірі жұмыс сурап келсе, енді бірі басқа да әлеуметтік көмектерге құжат дайындаудың қамымен жүр. Ал мамандар қарапайым халыққа қалтқысыз қызмет етуде. Орталық күзиретіндегі функцияларды уақытында орындайды. Басқа да жұмыстармен келген жұртқа бағыт сілтеп, кеңес беруден шаршамайды.

Сыртнан қарап баға беру орынсыз, өріне. Сондықтан келіп-кетім адамдардың саябырсығанын күтуге тура келді. Мақсат – орталық жұмысының негізгі бағыты жағында мұндағы мамандармен диалог құру. Бір жағынан қазір мұнда ел қандай қызметке жүгініп келуде, жұмыс барысында түсініспеушіліктер болма ма, қарапайым халықтың тұрмыс сапасын жақсартуда нендей жобалар қолға алынууда? Осындай бірқатар сауалдың түйінін тарқату еді.

Түске дейін келушілердің қатары көп болды, үзілісте үйіне жинала бастаған мамандардың екі сағат уақытын біз алдық. Бір қызығы, 15.00-де қайта келген халыққа қажырлы мамандар қабақ шыйтай қызмет етуді қайта жалғастырды. «Мамандыққа адалдық» деген осы шығар, сірә.

Орталық маманы Мәншүк Кенжебекова қазір әлеуметтік әлеуетін көтеру мақсатында әзірленген түрлі мемлекеттік бағдарламалар барын айтады. Салада 10 жылдан астам тәжірибесі бар білікті маман бұл бір жағынан жұмыссыздық мәселесін ауыздықтауға үлкен сөп болып жатқанын айтады. Оның үстіне биыл еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында әлеуметтік қолдау шаралары қолға алынып жатыр екен. Жұмыс іздеп жүрген адамдар оның игілігін көру үшін осындағы тәжірибелі жұмысшылардың көмегіне жүгінеді.

– Жұмыс іздеп жүрген адамның жұмыссыз ретінде тіркелуі үшін «Мансап» орталығына келіп немесе epbek.kz сайты арқылы тіркелуге мүмкіндігі бар. Бұл оларға лайықты жұмыс табуға көмектеседі және 3 жұмыс күн ішінде лайықты жұмыс болмаған жағдайда жұмыссыз мәртебесі беріледі. Жұмыссыз мәртебесі бар адамдар субсидияланатын жұмыс орындарына қатыса алады. Атап айтқанда, әлеуметтік жұмыс орындарына, жастар практикасына, алғашқы жұмыс орнына және



# Жұмысы жүйелі орталық

Ұрпақтар келісім-шартына жолдама алады, – дейді ол.

Әлеуметтік жұмыс орындары – «Мансап» орталығымен шарт негізінде жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін оларды жалақысын субсидиялау арқылы құратын жұмыс орны. Субсидияның бір айдағы мөлшері экологиялық үстемақалар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақыны ескергенде жұмыссыздар үшін жалақының белгіленген мөлшерінің 35 пайызын құрайды. Бірақ 24 АЕК-ден аспайды. Оған 16 жас-тан зейнеткерлік жасқа толғанға дейінгі жұмыссыз ретінде тіркелген, бір кәсіпті игергенін растайтын құжаты бар, жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар қатыса алады.

Мұнан өзге де әлеуметтік жұмыс орындары бар. Олардың жұмыссыз азаматтар көмегін көруі үшін орталық мамандары қалтқысыз қызмет етуде.

Салада 8 жылдан астам тәжірибесі бар Индира Құдабаева басқа да қоғамдық жұмыстарға ауданда екі қолға бір күрек таппай жүрген азаматтар жолдаған жұмыс жасап тұрғандай айтады. Сондай-ақ олардың осындай көмектерді тиімді пайдаланып жатқанына бақылауда болады екен. Себебі бұған дейін ауданда түрлі мекемелерге, кәсіпорындар мен шаруашылықтарға жолданған адамдардың жұмыс жасамайтыны анықталған. Оның өзінде осындай бақылаудың арқасында белгілі болған.

Орталық маманы Айгерім Марат биыл да осындай адамдардың анықталғанын айтады. Сондай-ақ ол мүмкіндік берілді екен деп үйде жатып қолдауға ие болу орынысыз деп есептейді.

– Кез келген салада бақылау болуы керек. Біз тек адамдарды мекемелерге жолдаумен шектелмейміз, расында біз жолдаған адамдар уақытында жұмысқа барып жүр ме, осы жағын да бақылаймыз. Егер заңсыздықтар орын алған жағдайда біз келісім-шартты тоқтатамыз. Себебі мемлекеттің әлеуметтік салаға бөлген 1 тиынына дейін мақсатты жұмсауы керек. Бізге көбіне адамдар қоғамдық жұмыстарға жіберсеңіз деп келеді. Барында біз

ойынша немесе ұқсас кәсіп бойынша жұмысқа орналастырып, кейін бағытталған зейнеткерлік жасқа толған жұмыс жасап жүрген жұмыскерді алмастыруға арналған жоба. Қатысу уақыты – 6 ай. Оған 35-тен аспаған, 3 жыл ішінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша оқу бітірген, бір кәсіпті игергенін растайтын құжаты бар, жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар қатыса алады.

Мұнан өзге де әлеуметтік жұмыс орындары бар. Олардың жұмыссыз азаматтар көмегін көруі үшін орталық мамандары қалтқысыз қызмет етуде.


Салада 8 жылдан астам тәжірибесі бар Индира Құдабаева басқа да қоғамдық жұмыстарға ауданда екі қолға бір күрек таппай жүрген азаматтар жолдаған жұмыс жасап тұрғандай айтады. Сондай-ақ олардың осындай көмектерді тиімді пайдаланып жатқанына бақылауда болады екен. Себебі бұған дейін ауданда түрлі мекемелерге, кәсіпорындар мен шаруашылықтарға жолданған адамдардың жұмыс жасамайтыны анықталған. Оның өзінде осындай бақылаудың арқасында белгілі болған.

Орталық маманы Айгерім Марат биыл да осындай адамдардың анықталғанын айтады. Сондай-ақ ол мүмкіндік берілді екен деп үйде жатып қолдауға ие болу орынысыз деп есептейді.

– Кез келген салада бақылау болуы керек. Біз тек адамдарды мекемелерге жолдаумен шектелмейміз, расында біз жолдаған адамдар уақытында жұмысқа барып жүр ме, осы жағын да бақылаймыз. Егер заңсыздықтар орын алған жағдайда біз келісім-шартты тоқтатамыз. Себебі мемлекеттің әлеуметтік салаға бөлген 1 тиынына дейін мақсатты жұмсауы керек. Бізге көбіне адамдар қоғамдық жұмыстарға жіберсеңіз деп келеді. Барында біз

Ақнұр АЛТЫНБЕК





# Аяулы, шашқан нұр көктем,

# Жұт әжелсін әуі көктем!



## Көңілі гүлдей көркем жан

Аяулы ана, ардақты әже үшін өткенге көз жүгіртіп, асыр салып ойнаған немерелеріне сүйсінуден асқан бақыт бар ма, сірә! Кейіпкеріміз де өткен күндерін еске алып, ойға шомды. Терезе алдына барып, аулада асыр салып ойнаған немерелеріне көз салды. Оларға қарап өткен күндерін сағынды ма, әлде немерелерінің бақытты балалық шағы жүрегін жылытты ма, әйтеуір әңгімесін бастамас бұрын жылы жымыды.

— Орта мектепті бітірісімен аудандық баспа-ханаға жұмысқа орналастым. Алғашқы жұмыс орным болғандықтан қатты қобалжыдым, оның үстіне халықты ақпараттандыратын аудандағы жалғыз газет болғандықтан жігер мен жауапкершілікті аса қажет ететін «Еңбектің наны тәтті» демекші, қорғасынның адам өміріне зияны болса да, линотипті серік етіп, барлық жаңалықты халыққа жеткізуге тырыстық. Таңмен таласа жұмысқа асығып, ақпарат майданының тынымсыз әрекеті күнделікті жұмысымызға айналды. Уақытпен санаспай қоғамның қайнаған ортасымен араласып кеттік. Көпқабатты зәулім ғимараттың жоғарысы редакция болса, төменінде баспахана орналасты. Таңнан кешке дейін дүрсілдеп, қорғасын балқытылып, одан шыққан әріптер қалыпқа құйылып жататын. Соның қасында өсте тыным таппай бәріміз сағаттап тапжылмай жұмыс жасайтынбыз. Қазіргі заманның технологиясымен шығып жатқан газеттен айырмашылығы аспан мен жердей. Оны сол кездегі мәнхатты көзбен көріп, қолымен ұстағандар біледі, — дейді Қоғажай Ергалиева.

Кейіпкеріміз ұзақ жылдар қоғам тынысын, ауданның қоғамдық-саяси өмірін халыққа ақпараттандырып, аудандық «Жаңадария», қазіргі «Жалағаш жаршысы» газетінде баспагер болып адал қызмет жасады. Қазір де сол еңбекқорлығының арқасы болар, аудандық газеттің ардагерлер ұйымының төрайымы болып, бізе әрдайым ақ батасын беріп жүреді.

Сұқплат барысында Қоғажай апай өте қонақжай, кез келген адамға қоғадая жапырылып, құрмет көрсететін, көңілі даладай кісі екенін де аңғардық. Әріптестеріміз айтқандай, жұмысқа келгенде өте талапшыл тәртіптің адамы екенін де байқадық. Өзі де газет шығып жатқанда қате кетіп жатса, «бір әріпке бола линотипті қыздырып, қорғасынды балқыту оңай емес. Дұрыстап екі жұмыс қылмай тексеріп беріңдер» деп қатуланып кететінін де күліп еске алды.

Сондай талапшылдығынан болар, шар-болаттай шырққан кейіпкеріміз арада үш жыл өткен соң партияға үміткер ретінде ұсынылып, 1975 жылы қыркүйек айында партия қатарына қабылданады. Өзіне жүктелген міндетті қалтқысыз орындаған жас маман екі мәрте аудандық советтің депутаты, пленум мүшесі ретінде қоғамдық жұмыстарды жауапкершілікпен атқарады. Осылайша ол аудандық редакция және баспаханың бастауыш партия ұйымының хатшысы болды. Еселі еңбектің арқасында 1977 жылы Қазақ ССР Министрлер Советінің баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитет дипломымен, 1980 жылы Еңбекшілер депутаттары облыстық советі атқару комитетінің грамотасымен, 1990 жылы Қазақстан Журналистер одағы облыстық ұйымының «Құрмет» грамотасымен, бірнеше мәрте аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Арада жыл өткенде «Еңбек ардагері» медалін кеудесіне тақты.

Кейіпкеріміз қазір де елдің тыныс-тіршілігін, қоғамның беталысын тамыршыдай деп басып, аудан өміріндегі жаңалықтарды қалт жібермей қадағалап, өз қолтаңбасын қалдырып, ұлттық мұралардың насихатталуына үлес қосып келеді. Өткен жылдың соңында ардагер баспагер өзінің туған жерінде отыз жыл табан аудармай жасаған қызметінің бағасын алып, «Жалағаш ауданының Құрметті азаматы» атанды. Қоғамда белсенді тұлға, отбасында аяулы әже болып, бір әулеттің шырағын жағып, отағасы Төлепберген ағамызбен ұл-қыз тәрбиелеп, олардан немере сүйіп, өркені есіріп отырған ел анасы Қоғажай апайдың ғұмыр жолы — бүгінгі жастарға, бізге өнеге.

Ақнұр АЛТЫНБЕК



## Аяулымың армандаған

*Өз көктем, аяулы, менің армандаған,  
 Мен еңі ізден жүргілі бар талмашын.  
 Жабдыған еңең, мені жұтқаратын,  
 Көк жүзін көлемке бұлт торлағанын.*

*Қырмызы қызыл баспаны нұр басқанда,  
 Тыраулап алые жазға тырна ұшқанда.  
 Тұл алың еңі тоқтың келер ме деп,  
 Баспада еңіз бен жігіт сырласқанда.*

*Көктем-ау, көрінбегің көптен бері,  
 Ақ жаудыр сұйытп келе көктем кері.  
 Сұрадым, мекеніңді айтпай сұрады,  
 Желдірен Сарыарқаның жеткен желі.*

*Сен сұада жүргің, көктем, біле алмадым,  
 Екеуің тоқырығы едік бір арнадың.  
 Желдірен желмен бірге жетер ме деп,  
 Жабдығым, жүргілінен жұр арнадың.*

Шәһинә ЖҰБАНОВА



## Аудан тынысын тынымсыз қадағалайды

Тәулік бойы тілсіз жаумен күресіп, адамдарға көмек қолын созуға асығатын жауапкершілігі жоғары мамандықта 17 жылдан бері қажырлы еңбек етіп келе жатқан нәзікқандылардың бірі — аудандық №11 өрт сөндіру бөлімінің радиотелефонисті Гүлжайна Кеңесбаева. Ауданда орын алған қандай да бір төтенше жағдайларды алғаш естіп, ұжымды жылдам әрекет етуге ұйымдастыратын да осы білікті маман.

— Қателеспесем, былтыр жаз мезгілінде 1 күнде 4 өрт оқиғасы орын алды. Оның ішінде ауданнан және оған қарасты елді мекендерден қоңырау түсті. Кешкі сағат 19.30 шамасы. Өрт сөндіру құрамы 3 тілсіз жаудың бетін қайтарып, келген бойы сол еді, аудан орталығындағы шағын асханалардың бірінен өрт шыққаны жөнінде хабар түсті. Деруе өрт сөндіру тобын жібердік, түнгі 23.00-ге дейін жігіттер өртті ауыздықтаған. Абырой болғанда адам шығыны жоқ, — дейді аудандық №11 өрт сөндіру бөлімінің радиотелефонисті Гүлжайна Кеңесбаева.

Ауданда өрт оқиғасы орын алғанда ең алдымен өрт сөндіру бөліміне қоңырау дабылы келіп түседі. Адам өмірін құтқару үшін Гүлжайна Дәрменбайқызы жылдам шешім қабылдап, қызыл жалынның қайдан шыққанын анықтап, дереу топты жібереді. Оның айтуынша, радиотелефонист тек қоңырау қабылдап қана қоймайды. Олар қандай оқиға оқиға орын алғанын біліп, адамдарға төнген қауіпті анықтай отырып, жедел басқа да қызметкерлермен байланысқа шығады.

— Тұрғындар көмек сұрап қоңырау шалғанда барынша тыныштандырып, үрейленбей үшін қолдау көрсететін. Жаңып жатқан үй немесе халық көп шоғырланған орындарда балалар немесе зейнеткерлер барын білсем, олардың сыртқа аман-есен шыққанын хабардар болғанша уайымдаймын. Мен үшін ең үлкен қуаныш — өрт дер кезінде сөніп, адамдардың амандығын хабардар болу, — дейді кейіпкеріміз.

Жауапкершілігі мол мамандықты кейіпкеріміз бала күннен армандаған. Бүгінде оның өрт сөндіру қызметіндегі жұмыс жасап жатқанына 20 жылға жуықтаған. Білікті маман тәулігіне шамамен 50-ге жуық қоңырауға жауап береді. Ол түнгі мезгілде ауданда халық көп шоғырланған мекемелермен, атап айтсақ, аурухана, жатақхана, №19 балабақшамен хабарласып, әр мекемеді қанша адам барын хабардар болып отырады. Айтуынша, қандай да бір оқиға жағдай болған жағдайда ғимараттың ішінде қанша адам барын біліп отыруы қажет.

Айта кетейік, Гүлжайнаның өмірлік жары Нұрболат Мұхтарұлы да осы салада қалтқысыз 18 жыл қызмет етіп, зейнеткерлікке шыққан. Сұқплат барысында жауапкершілігі жоғары мамандықты таңдағанына еш өкініштіні айтқан кейіпкеріміз, әр құтқару жұмыстары сәтті аяқталғанда арқадан ауыр жүк түскендей жеңілдеп, әріптестері үшін де алаңдап отыратынын жасырмады. Еңбекқорлық, жауапкершілік сынды қасиеттерінің арқасында халықтың алғысын алып жүрген ол — бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербетіп, өзін отбасымен қатар қиын әрі жауапты қызметімен де дәлелдей білген қайсар жан.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Газетіміздің келесі саны 12 наурыз, сейсенбі күні шығады

Меншік иесі:  
**СЫР МЕДИА**  
 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
 Жалағаш аудандық  
 “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы  
 Бас редактор  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:  
 Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
 Бас редактор - 32-0-41  
 Бас редактордың орынбасары,  
 жауапты хатшы,  
 бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
 “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
 Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
 Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
 Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
 Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттері «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
 Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
 Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 389